

2022 жылдың ақпан айынан бастап шығады



КАРКАБАЕВА ПАРИДА ПАЗЫЛОВНА,

«Өрлеу»БАҰО»АҚ Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының Педагогика және пәндік әдістер кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. Шу ауданында «Дарынды балаларды оқытудағы математикалық модельдеу» бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен математика пәні мұғалімдері.



РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Ғ.Үсенова
Дизайнері: Р.Исабекұлы

Редакцияның мекенжайы:
Тараз қаласы,
Талас м/а 7 үй, 13 пәтер
Телефон: 87779443469,
E-mail: Pedagog_m_2020mail.ru

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Қоғамдық даму
министрлігінде тіркеліп,
№1KZ 81VPY00046392
күәлігі берілген.

Республикалық
«Білім өркениеті» журналы
2022 жылдың ақпан айынан
бастап үш айда бір мәрте шыға
бастады.

Меншік иесі:
«ӨРКЕНИЕТ» шығармашылық
орталығы» ЖШС.

Журнал «Үш қиян»
ЖШС баспаханасында басылды
Алматы қаласы, Жібек жолы 50
Ushkian_baspasy@mail.ru
Көлемі 3 баспа табақ.

Таралымы 1000 дана.

МАЗМҰНЫ

Алыбай М.	Квадрат теңдеулерді шешу	2
Басжанова Б.	Трапецияның ауданы	6
Бектияр З.	Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі	9
Изтилеуова К.	Натурал сандар және нөл	11
Искакова Ж.	Логарифмдік функция, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	12
Кашкинбаева Г.	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу	15
Керимбаева А.	Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру.	17
Кәсілін А.	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома. Теорема	19
Қайыргелдин Д.	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	21
Раканова Г.	Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері	23
Оспанова А.	Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу	25
Кыздарбекова С.	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері	28
Үзенбаев Н.	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері	30
Игисинов А.	Доп пен топтық тапсырмалар. Волейбол ойыны	33
Момбаева Л.	Қазақстан – елім менің	35
Масжанова Ж.	Use of intellectual intelligence in English lesson	37
Аширбекова Б.	Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту жолдары	39
Дуйсенбаева Н. Сатанова П. Байкенжеева Ж.	«Құндылыққа бағдарланған білім беруді оқу бағдарламасына интеграциялау» (Біртұтас тәрбие идеологиясы негізінде)	41
Хусан О.	География пәнін оқытуда кескін карталардың маңызы және ерекшеліктері	43
Есимова А.	Жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш сыныптарда оқытудың тиімді жолдары	44
Онгарбаев К.	Абай шығармашылығы. «Сегізаяқ» өлеңі	47



ойлау қабілетін дамыту оқу материалының мазмұны арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп практикасында математикалық есептермен жұмыс істеу процесінде негізінен оны шешу жолдары көзделеді, шешуді іздестіру оқушылардың тиісті есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінетін жағдайлар да кездеседі.

1-4 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда мазмұнды есептермен жұмыс істеудің жалпы тәсілдерін үйрету негізгі орын алады.

Баланың ойлау қабілеті оның қиялын, сөйлеу мәнерінің дамып, есте сақтау мүмкіндігін арттырады. Ол үшін мұғалім сабақтарда тек жалаң түсіндіруден гөрі ертегі кейіпкерлерінің сөздерін іс-қиямдарын ойланып, мәтініне келтіріп қайталауға машықтануы қажет.

Ойлау мәнәуызекі және жазбаша тілдің арасындағы айырмашылық келесі төрт параметрлерде көрініп тұрады – ситуативтілік, лексикалық жан-жақтылық, ақиқаттың сапалы белгілерін бейнелеуі, ақиқаттың белсенді жағын бейнелеуі. Сондықтан, оқушылардың ауызекі және жазбаша тілдерін салыстыру осы параметрлермен жүріп жатады. Берілген параметрлердің мазмұндарына қысқаша түсінік берейік.

Ситуативті – жеткізілетін ойдың бөлек элементтері қарым-қатынасқа түсетін адамдарға

белгілі болғандықтан, айтыла бермеуімен көрінетін ауызекі тілдің ерекше сапасы. Ситуативті статусына тілдің сол қарым-қатынасқа түсу жағдайымен анықталатын мағынасын және паралингвистикалық әдістермен нақтыланатын тіл элементтері де ие болды: ымдаумен, қолбұлғалаумен, дауыс ырғағымен т.б.

Бастауыш сынып оқушысының ойлау процесін дамытуда ойын әрекетінің зор рөл атқаратын интеллектуалдық дағдыларының маңызы ерекше. Біздің, әсіресе ойын түрлерінің, соның ішінде ұлттық ойындардың дамыту- тәрбиелеу мүмкіндіктері мол екеніне көзіміз жетіп отыр. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі ұрпаққа мирас етіп кеткен. Солардың бірі – ұлттық ойындар. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойнай білген бала сол халықтың мінез-құлқынан, ой санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады.

Оқытылатын әр сабақ оқушы ойын тебіреніп, талаптандырып ізденушілік қаблеттерін дамытуы тиіс. Сонда ғана мұғалім сапалы нәтижеге қол жеткізеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, оқу процесі оқушының ойлау қабілеті сана-сезімінің даму процесі бір-бірімен тығыз бірлікте жүреді. Оқушы бойындағы қабылдау, есте сақтау, ойлау т.б. сенімді психикалық қасиеттер сабақ оқу арқылы кеңейіп, дамып отырады.



«ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ БЕРУДІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ»

(Біртұтас тәрбие идеологиясы негізінде)

ДҮЙСЕНБАЕВА Написа Жақселиковна,
САТАНОВА Перизат Қайратовна,
БАЙКЕНЖЕЕВА Жанаргуль Кабдрашевна,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары
Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия. Астана қаласы.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мектептің басты мақсаты – асан-әсақты дамыған, рухани бай, патриоттық сезімі жоғары, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа әсету үшін білім мен тәрбиені құндылықтар арқылы біріктіру қажет.

Біздің мектеп ұжымы осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткізу үшін оқыту мен тәрбиенің әртүрлі аспектілерін сабақтарға кіріктіруде.

Құндылықтарды кіріктірудің ерекшеліктері

1. Әдебиет сабағында құндылықтарды қалыптастыру
Сабақ үлгісі: Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын

оқыту барысында «Туған жерге деген сүйіспеншілік» құндылығын дамыту үшін оқушыларға жазушының табиғат пен ел туралы шығармаларын талдау ұсынылады. Мысалы, «Көкшетау» поэмасындағы табиғат көріністерін бейнелеп, оқушыларға туған жерді қорғаудың маңыздылығын түсіндіру.





Шығармашылық тапсырма: Оқушыларға «Менің елім – менің мақтанышым» тақырыбында эссе жазу немесе патриоттық өлең шығару тапсырмасы беріледі.

2. Тарих сабағында ұлттық рухты ояту

Сабақ үлгісі: Қазақстан тарихындағы ел үшін қызмет еткен тұлғалар туралы сабақта «Елжандылық» құндылығын қалыптастыру. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы, Абылай ханның қызметі туралы сабақта ел қорғау ұғымының маңыздылығын ашу.

Практикалық тапсырма: Оқушылар топтарға бөлініп, әр тарихи тұлғаның ел дамуына қосқан үлесін зерттеп, оны презентация түрінде сыныпқа таныстырады.

3. География сабағында экологиялық құндылықтарды енгізу

Сабақ үлгісі: «Қазақстанның табиғи ресурстары» тақырыбын оқыту кезінде экологиялық білім беру арқылы «Табиғатты қорғау» құндылығын дамыту.

Жобалық жұмыс: Оқушыларға өз қалаларының экологиялық мәселелерін зерттеп, оларды шешу бойынша өз ұсыныстарын әзірлеу тапсырмасы беріледі.

4. Математика сабағында жауапкершілікті дамыту

Сабақ үлгісі: Математика сабағында «Өлшем бірліктері және есептеу» тақырыбын оқыту барысында, нақты деректермен жұмыс істеу арқылы жауапкершілікті қалыптастыру. Мысалы, оқушыларға қоғамдағы нақты есептеулердің (құрылыс, экономика, табиғи ресурстарды пайдалану) маңыздылығын түсіндіру.

Тапсырма: Оқушыларға табиғатты қорғауға арналған есептер шығарту. Мысалы, бір ағаштың қанша ауаны тазартатыны туралы есептер құрастыру.

5. Биология сабағында денсаулық құндылығын дамыту

Сабақ үлгісі: «Адамның тыныс алу жүйесі» тақырыбын өту барысында денсаулықты сақтау мен дұрыс өмір сүрудің маңыздылығын түсіндіру.

Тәжірибе: Оқушыларға зиянды әдеттердің (шылым шегу, ластанған ауаның әсері) тыныс алу жүйесіне тигізетін әсерін көрсету үшін шағын тәжірибе өткізу

ұсынылады.

6. Өнер сабағында шығармашылық құндылықтарды қалыптастыру

Сабақ үлгісі: Өнер сабағында «Қазақтың ұлттық киімдері» тақырыбын оқыту барысында мәдениетке деген құрмет пен шығармашылық құндылықтарын дамыту.

Шығармашылық тапсырма: Оқушыларға ұлттық киім элементтерін заманауи стильде бейнелеп, оны қағаз немесе мата арқылы құрастыру ұсынылады.

Құндылықтарды тәрбиелік іс-шараларға кіріктіру
«Ұлттық құндылықтар күні» іс-шарасы: Бұл күні оқушылар қазақтың ұлттық дәстүрлері мен өнерін таныстырады. Мысалы, көрме ұйымдастырып, ұлттық тағамдар дайындау, ұлттық ойындарды ойнау.

Волонтерлік акциялар: «Қайырымдылық – адамгершілік бастауы» атты іс-шара аясында аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету жұмыстарына қатысу.

Бастауыш сыныптар үшін:

«Табиғат және біз» экологиялық күндері: Балалар мектеп ауласында ағаш отырғызу, гүл егу шараларына қатысады.

«Достық шеңбері» тренингі: Балалар достық, сыйластық, бір-біріне көмек көрсету туралы әңгімелеп, тәжірибелік тапсырмалар орындайды.

«Ұлттық құндылықтар күні»: Қазақтың салт-дәстүрлері, ұлттық өнері мен тағамдарын зерттеу және көрсету.

«Менің үлесім – менің болашағым» волонтерлік жобасы: Қарттар үйіне, әлеуметтік мекемелерге барып, көмек көрсету.

Қорытынды

Біздің мектеп ұжымы құндылықтарды білім беру мен тәрбие процесіне кіріктіру арқылы оқушылардың рухани және интеллектуалдық дамуына жағдай жасап келеді. Сабақтарда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау болашақ ұрпақтың адамгершілігі мол, рухани бай тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

